

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 2 хаттама

Кентау қаласы

15.10.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикова, техн.ғ.к., доцент Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т. және ОПҚ.

Күн тәртібінде

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау
4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Әр түрлі мәселелер
- 5.1 Кафедра ОПҚ Е.З.Уксикбаев, А.С.Баймаханова, Н.Т.Тойлыбаева, Ә.Т.Баялының «Криптографиялық қорғау әдістері» оқу құралын баспадан шығару үшін Университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне ұсыну туралы.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту қажеттігін атап өтті және сөз кезегін Оқу әдістемелік кеңес төрайымы Ниязоваға ұсынды.

Сөз кезегін алған Ниязова: 2024-2025 оқу жылының I-жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша қысқы сессияда 107 пәннен емтихан тапсырылатынын, емтихан түрлері жазбаша, тест ЭЕМ, жоба қорғау, болатынын айтты. Емтихан сұрақтарын, пәндер бойынша ұсынылатын емтихан жоба тақырыптарын, оларды бағалау критерийлерін әзірлеу және бекітуге ұсыну қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды әдістемелік нұсқаықпен қамтамасыз ету және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылуы қажет екендігін айтты.

Шешім 1.1: 2024-2025 оқу жылының I-семестрінде қысқы сессияда емтихан қабылданатын пәндердің емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары бекітілсін және емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды әдістемелік нұсқаықпен қамтамасыз ету және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі доцент м.а. З.Қ.Абдикова сөз алып, 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналған үгіт-насихат жұмыстарының ұйымдастырылуы, жүргізілуі жөнінде айтты. Электр инженериясы кафедрасының ОПҚ кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізетін мектептер тізімін ұсынды.

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі Қазбекова: Жоспар бойынша оқытушылар мектептерге үгіт-насихат жүргізу үшін баруы кестесі әзірленгенін атап өтті. ОПҚ кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізетін мектептер тізімі анықталғандығын атап өтті. Кентау қаласының білім бөліміне қарасты мекемелер, Түркістан қаласының білім бөліміне қарасты мекемелер (ауыл мектептері), Түркістан қаласының білім бөліміне қарасты мекемелер (қала мектептері), Отырар ауданы білім

бөліміне қарасты мекемелер бойынша әзірленіп, Мектеп атауы /№, Мекен жайы, Директордың аты-жөні, Телефон, Кәсіби бағдар ұйымдастыру мерзімі туралы ақпарат ұсынды.

Шешім 2.1: Факультет кафедраларында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналған үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылып, жүргізілсін.

Үшінші мәселе бойынша кафедра меңгерушісі доцент м.а. З.Қ.Абдикова сөз алып, 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау туралы сөз қозғады.

Кафедрамызда Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша 6B07153-Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару, 6B07189-Машина жасау, 7M07130-«Электр энергетикасы» және 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББҚР БҒМ Реестріне тіркелген. Қазіргі таңда ББ жаңарту мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылып, іс-шаралар, жоспарлар жасалуда. Жоспарда білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, оқу ресурстары және студенттерді қолдау бойынша жұмыстар жасалып отыр.

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі техн.ғ.к., доцент Н.Қазбекова:

ББ іске асыру үшін университеттің басты мүмкіндігі ретінде оның кадрлық және әлеуметтік ресурстарын, материалдық-техникалық базасын, ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз етуін басты назарға аламыз. Қазіргі таңда білім беру жүйесі заман талабына сай біртіндеп өзгерістер көрсетіп жатыр. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Кафедра оқытушыларының арасында білім беру бағдарламаларының білім алушыларына оқыту үдерісін іске асыруда әдістемелік жұмыстар бойынша тәжірибе алмасу белсенді жүріп отырады. Өзара сабақтарға қатысу барысында оқыту үрдісінде қолданылған дәстүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялардың әлсіз және тиімді тұстары баса көрсетіліп, талқыланып отырады. Жалпы кафедрадағы жұмыстар оқу үдерісін оңтайландыруға, белсенділікті арттыруға, әдістемелік қамтамасыз етілуін жақсартуға бағытталған. Дегенмен, ББ іске асыруды одан әрі жандандыру үшін әрі қарай да жұмыстар жасалуы тиіс, кем тұстары жетілдірілуі тиіс.

Шешім:3.1. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы ақпарат назарға алынсын.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысуға Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі, доцент Қазбековадан, Компьютерлік инженерия кафедрасының доценті Ниязовадан өтініш келіп түскендігін айтты. Мәжіліс мүшелеріне үміткерлердің ғылыми еңбектерін қысқаша таныстырып өтті және үміткерлердің «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауының университет деңгейіндегі кезеңіне қатысарына қолдау білдіруді ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 4.1: «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына келесі үміткерлер ұсынылсын:

1. Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі, доцент Қазбекова
2. Компьютерлік инженерия кафедрасының доценті Ниязова

Бесінші әртүрлі мәселелер бойынша факультеттің Оқу әдістемелік комитет төрайымы, доцент Ж.Ниязова сөз алып, аға оқытушылары Е.З.Уксикбаев, А.С. Баймаханова, Н.Т.Тойлыбаева, Ә.Т.Баялының, «Криптографиялық қорғау әдістері»

дайындаған оқу құралы білім алушыларға керекті мәліметтер қамтылған. "Криптографиялық қорғау әдістері" пәнінің мақсаты болып ақпараттық жүйелердегі ақпаратты қорғау жүйелерін қолданудың теориялық негіздерін құру мен практикалық дағдыларын игеру, студенттерге деректерді қорғауды жүзеге асыру үрдістерін, әдістерін және құралдарын жүйелі көрсетілуін оқыту, ақпараттық жүйелерді жобалау мен эксплуатациялау үшін ақпаратты қорғау бойынша практикалық дағдыларды игеру болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздік - мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құжаттары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі қарастырылған.

Ақпаратты қорғау - ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін алудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезін қойылатын шектеерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, программалық және техникалық әдістер мен құралдардан қамтылған.

Пәннің мазмұны компьютерлік информацияны қорғаудың негізгі әдістерін, қазіргі заманғы криптографиялық әдістер мен моделдер көрсетілген Компьютерлік информацияны қорғау құралдары мен әдістерінің дамуы мен олардың перспективасы. Компьютерлік программаларды көшіруден, құрылымын бұзудан сақтайтын және деректерін қорғайтын программаларды қарастырған.

Университетіміздің кітапханасында қазақ тілінде кітаптар қоры аз болғандықтан бұл оқу әдістемелік құрал студенттерге өте қажет екендігін көрсетіп баспадан шығару үшін Университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне ұсыну керек екендігін айтып өтті.

Шешім: 2.5. Аға оқытушылар Е.З.Уксикбаев, А.С.Баймаханова, Н.Т.Тойлыбаева, Ә.Т.Баялының «Криптографиялық қорғау әдістері» дайындаған оқу құралын баспадан шығару үшін университеттің Оқу әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г. Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Меирбекова